

SVEN®
YOU WANT – WE CAN

Кернеу тұрақтандырғышы

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚИ



AVR-500
AVR-800
AVR-1000
AVR-2000
AVR-3000

www.sven.fi

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

AVR

SVEN сауда маркасының кернеу тұрақтандырғышын сатып алғаныңыз үшін рахмет!

Құрылғыны пайдалану алдынан осы нұсқаулықпен мұқият танысып, оны бүкіл пайдаланатын кезең ішінде сақтап қойыңыз.

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

© 2014. SVEN PTE. LTD. 1.0 (V 1.0) нұсқасы.

Осы нұсқаулық пен оның ішіндегі ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

САУДА МАРКАЛАРЫ

Барлық сауда маркалары олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

ШЕКТЕУЛІ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ

Нұсқаулық барынша дәл болу үшін барлық күш салынғанына қарамастан, кейбір сәйкессіздіктер болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың ақпараты «дәл солай» шарттарында берілді. Автор мен баспагер, осы Нұсқаулықтағы ақпараттың кесірінен келтірілген залал үшін біреудің немесе ұйымның алдында ешбір жауап бермейді.

ҚАПТАМАСЫН АШУ

Бұйымның қаптамасын мұқият ашыңыз, қораптың ішінде әлдебір керек-жарақтардың қалып қоймауын қадағалаңыз. Құрылғыда залал болмауын тексеріңіз. Егер бұйым зақымдалған болса, жеткізумен айналысатын фирмаға жүгініңіз; егер бұйым істемейтін болса, бірден сатушыға жүгініңіз.

МАЗМҰНЫ

1. ҚАІПСІЗДІК ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	2
2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ	2
3. ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	2
4. СИПАТТАУ	3
5. ҚОЛДАНЫЛУЫ	4
6. ҚОСЫЛУЫ	4
7. «ПАУЗА» ФУНКЦИЯСЫ	5
8. ЖОҒАРЫ КІРЕТІН ТОКТАН, ШАМАДАН ТЫС БЕРІЛГЕН ТОКТАН ЖӘНЕ ҚЫЗЫП КЕТУДЕН ҚОРҒАУ ФУНКЦИЯСЫ	5
9. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ	5
10. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	6

***Техникалық қолдау www.sven.fi сайтында орналасқан.
Осында Сіз осы Нұсқаулықтың жаңартылған нұсқауын таба аласыз.***

1. ҚАІПСІЗДІК ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Құрылғыны қолданар алдында міндетті түрде қауіпсіздік ережелерімен танысыңыз:

- Құрылғы корпусын ашуға үзілді-кесілді тыйым салынады – ішінде жоғары ток бар. Қиындықтар туа қалған жағдайда нұсқаулықты оқыңыз немесе өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Сервис орталықтарының тізімін www.sven.fi сайтынан көре аласыз.
- Құрылғының ішіне сұйық зат төгіліп кетпесін, ток соғуы немесе токтың қысқа тұйықталуы болуы мүмкін.
- Егер дұрыс жұмыс істемей жатса (ұшқын шығарып, бөтен иістер болса және т. б.) бірден жақын мандарғы сервис орталығына хабарласыңыз.
- Тұрақтандырғышқа өзінің максималды қуатынан жоғары қуатты тұтынатын құрылғыны қосуға болмайды. Бұл оны істен шығаруы мүмкін.
- Балаларға тұрақтандырғышты пайдалануға бермеңіз.

Мына жағдайларды тұрақтандырғышты пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады:

- жеңіл тұтанатын газы бар шаң-тозаңды жайларда;
- Цельсий бойынша 40 градустан және одан төмен температурада;
- 90 % жоғары ылғалдылықта;
- тура түскен күн сәулесі астында және қыздырғыш элементтердің жанында;
- діріл бар жерде;
- сыртта.
- Өрт бола қалған жағдайда, тек ұнтақты өртсөндіргішті пайдаланыңыз, судан ток соғуы мүмкін.
- Тұрақтандырғышты қуат көзіне жақын орнатыңыз, қажет жағдайда жеңіл ажыратуға болады.

Ескерту. AVR-3000 моделін стандартты желі розеткаларына қосуға болмайды! Оны тұрмыстық желіге, сол сияқты тұтынушы-құрылғылар бұған артқы панельде алмалысалмалы қақпақтың астында орналасқан клеммалар арқылы, және де тиісті кабельдермен (жиынтықты жоқ) қосылады. AVR-3000 тұрақтандырғышын қосуды маманэлектриктер атқару керек.

2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

- Кернеу тұрақтандырғышы – 1 дана
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана
- Кепілдік талоны – 1 дана

3. ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


- Шамадан тыс ток берілген жағдайда құрылғы автоматты түрде ажыратылады
- Кіретін ток кең диапазоны
- Кіретін және шығатын токтардың вольтметрі алдыңғы панельде орналасқан
- Тұтынушы-құрылғыларды шамадан тыс кіретін және шығатын токтардан, токтың қысқа тұйықталуынан, жоғарыжиілікті және жоғарывольтты кедергілерден қорғау
- Алдыңғы панельдегі желі күйінің индикаторы
- «Пауза» функциясы ток жаңа рған кезде электрмен қоректендіруді 3 мин.бойы ұстап тұру үшін
- Тасымалдауға ыңғайлы тұтқасы бар

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық


AVR

4. СИПАТТАУ

- ① Кіретін ток вольтметрі
- ② Бірқалыпты ток индикаторы
- ③ ПАУЗА индикаторы
- ④ ПАУЗА функциясын қосу/ажырату түймесі
- ⑤ Шығатын ток вольтметрі
- ⑥ Жоғары/төмен ток
- ⑦ Тұрақтандырғыш ажыратқышы



1-сурет. Алдыңғы панель



AVR-800*



AVR-3000

2-сурет. Артқы панельдер

* AVR-500, AVR-1000 и AVR-2000 артқы панельдері AVR-800 моделінікіндей, айырмашылығы тек AVR-2000 моделінде бір емес, екі шығыс розеткасы бар.

5. ҚОЛДАНЫЛУЫ

Кернеу тұрақтандырғышы электр желісіндегі токтың бірқалыпты түрінен мәні мен ұзақтығы бойынша үлкен ауытқулары болған жағдайда өртүрлі тұтынушыларды тұрақты өрі сапалы электрмен қоректендіруді қамтамасыз етуге, тұтынушы-құрылғыларды жоғарыжиілікті және жоғарывольтты импульстерден қорғауға арналған.


6. ҚОСЫЛУЫ

Маңызды! Тұрақтандырғышты қолданар алдында оған қосылған барлық тұтынушы-құрылғылардың ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

• Тұрақтандырғышты қосарда барлық ток тұтынушыларының жалпы қуаты тұрақтандырғыш қуатынан төмен екеніне көз жеткізіңіз. Сонымен бірге, жіберілетін әлеуеттер мен тұтынушылардың қуат факторын ескере отырып, қуат қорын 1,2-1,5 коэффициентімен, ал тоңазытқыш, кондиционер және басқа электрқозғалтқыштары үшін – 1,5-2 есе қамдау керек.

Назар аударыңыз! Тұрақтандырғыш таңдарда, кіріс кернеуі азайса, кіретін ток шамасы көбейетінін, осыдан барып, токты автоматты реттеуішінің максимальды қуаты да азайатынын білу керек!

Бұл тәуелділік схема түрінде графикада көрсетілген:



Ескерту. Таңдау кезінде және кейінірек пайдаланған кезде де осы тәуелділікті қатаң ұстану керек. Осы жағдайды сақтамасаңыз кепілдік жөндеу құқығынан айрыласыз!

- Тұтынушы-құрылғылар ажыратылған тұрақтандырғышқа қосылады.
- Тұрақтандырғышты 220 В тұрмыстық желіге (AVR-3000 моделінен басқасын) қосыңыз, сосын өзін қосыңыз. Осыдан соң ғана тұтынушы-құрылғыларды қосыңыз.
- Бәрі дұрыс болса, жасыл светодиод жанады (бірқалыпты ток индикаторы), сол жақтағы сандық индикатор тұрақтандырғышқа кіретін токты, ал оң жақтағы сандық индикатор тұрақтандырғыштан шығатын токты көрсетеді.
- Желідегі шығатын ток ұйғарынды шамадан асып кетсе ($\pm 8\%$), қызыл индикатор жанады.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

AVR

Назар аударыңыз! Желіде ток жоғалса, тұрақтандырғыш мен барлық тұтынушы-құрылғыларды ажыратып қою ұсынылады, тек электрмен жабдықтау толығымен қайта пайда болғанда ғана қосу керек.

7. «ПАУЗА» ФУНКЦИЯСЫ

• Бұл функция электрқоректендіруі жиі жоғалып тұратын қондырғыларды қорғауға арналған. Бұл әсіресе, электр моторы немесе компрессоры бар тұтынушы-құрылғылар үшін аса маңызды. Ток қайта берілгеннен кейін тұрақтандырғыш 3 минуттан соң қосылады. Функция белсендірілсе, индикатор ③ жанады (түймесі ④ қосылады).

8. ЖОҒАРЫ КІРЕТІН ТОКТАН, ШАМАДАН ТЫС БЕРІЛГЕН ТОКТАН ЖӘНЕ ҚЫЗЫП КЕТУДЕН ҚОРҒАУ ФУНКЦИЯСЫ

• Тұрақтандырғыш шамадан тыс кіретін токтан қорғаудың бірегей схемасымен жабдықталған. Желідегі ток 280 В асқан жағдайда автоматты түрде ажыратылады. 280 В төмендесе, тұрақтандырғыш жұмысын автоматты түрде қосады.

• Бұл тұрақтандырғыштың шамадан тыс берілетін токтан және қызып кетуден қорғайтын функциясы бар. Аса көп әлеует қосылса, белгілі бір температураға жеткенде, өшіп қалады. Салқындаған соң тұрақтандырғыш автоматты түрде қайта қосылады.

9. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Мәселе	Себебі	Шешімі
Тұрақтандырғыш қосылмайды.	1. Ажыратқыш қосылмаған. 2. Қоректендіру розеткасында ток жоқ. 3. Автоматты сақтағыш жарамсыз. 4. Өте күшті әлеует қосылған.	1. Тағы бір реет басыңыз. 2. Қоректендіретін токтың бар екекніне көз жеткізіңіз. 3. Біраз әлеуеттерді алып, тұрақтандырғышты қайта қосыңыз. 4. Біраз әлеуеттерді алып тастаңыз.
Тұрақтандырғыш қосылды, бірақ шығатын ток жоқ.	Тұрақтандырғыш жарамсыз.	Егер мәселе шешілмесе, сервис-орталығына хабарласыңыз.
Тұрақтандырғыш жиі сыртылдайды.	Кіретін ток өте тұрақсыз.	Бірқалыпты жағдай. Тұрақтандырғышты шығатын токты өзі реттейді.
Тұрақтандырғыш әлеуетті өшіріп тастады. «Жоғары/төмен» индикаторы жанып тұр.	Кіретін ток ықтимал тұрақтылық диапазонынан 100-280 В шығып кетті.	100–280 В диапазонында кіретін токты қайта қалпына келтіргенде тұрақтандырғыш автоматты түрде қосылады.

Егерде жоғарыда аталған тәсілдердің біреуі де мәселені шешпесе, жақын жердегі сервиорта-лыққа кәсіби кеңес алу үшін өтінішпен барыңыз. Бұйымды өз бетіңізбен жөндемеңіз.

10. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Параметрлері	Үлгері	AVR-500	AVR-800	AVR-1000	AVR-2000	AVR-3000
Максималды шығыс қуаты, Вт*		400	640	800	1600	2400
Сақтағыш, А		4	6	7	15	20
Кіріс кернеуі, В		~100 – 280				
Кіріс жиілігі, Гц		50				
Қажетті кернеуі, В		~220 ± 8 %				
Шығыс жиілігі, Гц		50				
Қосып-ажырату уақыты, мсек		≤ 10				
Қысқы тұйықталудан қорғау		автоматты сақтағыш				
Қоршаған орта температурасы, °С		0 – 40				
Ылғалдылық, %		90 дейін				

* Кернеу тұрақтандырғыштарының шығыс қуаты кіретін ток үшін 187 В (220 В – 15 %) болып мөлшерленеді (ГОСТ 27699–88 талаптарына сай).

Ескертулер:

- Кестеде келтірілген техникалық сипаттамалар, анықтамалар наразы білдіру үшін негізі болып табылмайды.
- SVEN сауда маркасының өнімдері үнемі жетілдіріледі. Сол себептен техникалық сипаттамалар алдын ала ескертілмей өзгеруі мүмкін.

Кернеу тұрақтандырғышы

SVEN®
YOU WANT – WE CAN



Үлгері: **AVR-500, AVR-800, AVR-1000, AVR-2000,
AVR-3000**

Импортерлер СМ SVEN Қазақстан республикасында:

«ST Networks» ЖШС, Қазақстан Республикасы,
050013, Алматы, Республика алаңы, Фурманов
көшесінің бұрылысы, үй 13/195, 13Б кеңсе,
тел: +7 (727) 266 36 13, e-mail: info@stn.kz.

«Alon Logistics» ЖШС, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117.

Сапа жөніндегі талап-тілектерді Қазақстан
Республикасы аумағында «О-Си-Эс Казахстан»
ЖШС-гі қабылдайды. Мекенжай: Қазақстан Рес-
публикасы, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117,
тел.: +7 (727) 352-86-68, e-mail: kz@ocs.ru.

Өндіруші: «СВЕН ПТЕ. Лимитед», 176 Джу Чиат Роуд,
№ 02-02, Сингапур, 427447. «Свен Скандинавия
Лимитед» бақылауымен өндірілді, 48310,
Финляндия, Котка, Котolahdentие, 15.

Manufacturer: SVEN PTE. LTD, 176 Joo Chiat Road,
№ 02-02, Singapore, 427447. Produced under the
control of Oy Sven Scandinavia Ltd. 15, Kotolahdentie,
Kotka, Finland, 48310. Made in China.

© Registered Trademark of Oy SVEN
Scandinavia Ltd. Finland.

AVR-500
AVR-800
AVR-1000
AVR-2000
AVR-3000